

Ғылым философиясында ғылыми танымның субъектісі деп зерттеу сұрақтарын тұжырымдайтын, гипотезалар ұсынатын, алынған нәтижелерді интерпретациялайтын және алынған білім үшін жауапкершілік көтеретін танымдық белсенділіктің иесін айтады. Классикалық ғылыми дәстүрде ғылымның субъектісі ретінде жеке зерттеуші қарастырылды. Алайда ғылымның дамуы білім өндіру үдерісінің ұжымдық сипатқа ие екенін көрсетті: ХХ ғасырда таным субъектісі ретінде барған сайын ғылыми қауымдастық, яғни зерттеу ұжымдары, зертханалар және пәнаралық желілерден тұратын ғылыми орта қарастырыла бастады. Қазіргі ғылым философиясы ғылымды адамдар, құралдар, технологиялар және ақпараттық орталар өзара әрекеттесетін әлеуметтік-техникалық жүйе ретінде де қарастырады. Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің дамуы деректерді өздігінен талдай алатын, заңдылықтарды анықтайтын және гипотезалар ұсына алатын жүйелерді ғылыми таным үдерісінің қатысушысы ретінде қарастыруға бола ма деген мәселені алға тартады.

Осыған байланысты қазіргі эпистемологияда кеңейтілген немесе үлестірілген субъектілік мәселесі талқылануда. Бұл көзқарас бойынша ғылыми білімнің субъектісі тек адаммен шектелмей, технологиялық инфрақұрылым элементтерін де қамтуы мүмкін.

Алайда толыққанды ғылыми субъектілік туралы айту үшін тек есептеу және гипотеза генерациялау қабілеті жеткілікті ме, әлде негізгі өлшемдер ретінде тек адамға тән сана, түсіну, интенционалдық және жауапкершілік қасиеттері қалуы тиіс пе деген сұрақ әлі де ашық күйінде қалып отыр.

ЕРЕЖЕ

форматында өтетін дебаттарды ұйымдастыру және өткізу туралы «Жасанды интеллект – ғылымның жаңа субъектісі» тақырыбында

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінде (бұдан әрі – ҚазҰӨУ) «Жасанды интеллект – ғылымның жаңа субъектісі» тақырыбында Oxford-style форматындағы дебаттарды (бұдан әрі – Дебаттар) ұйымдастыру және өткізу мақсаттарын, міндеттерін және тәртібін айқындайды.

1.2. Дебаттар ғылыми ойлауды дамыту, ғылымдағы заманауи технологиялық және философиялық мәселелерді сыни тұрғыдан талдау, ғылыми пікірталас алаңын қалыптастыру, сондай-ақ білім алушылардың дәлелді пікірталас жүргізу дағдыларын дамыту мақсатында өткізіледі.

1.3. Дебаттардың ұйымдастырушысы – ҚазҰӨУ Ғылым бөлімі.

1.4. Дебаттарға жоғары оқу орындарының бакалавриат студенттері, магистранттары, докторанттары және профессор-оқытушылар құрамы қатыса алады.

1.5. Дебаттардың жұмыс тілдері: қазақ және орыс тілдері.

2. Дебаттардың мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: жасанды интеллекттің заманауи ғылымдағы рөлін, оның ғылыми таным және жаңа субъектісі ретінде қарастыру мүмкіндігін талқылауға арналған академиялық пікірталас алаңын құру.

Міндеттері:

- ғылыми аргументация мәдениетін және академиялық пікірталас дәстүрін дамыту;

- көпшілік алдында сөйлеу және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру;
- студенттердің ғылымның философиялық, технологиялық және этикалық мәселелеріне қызығушылығын арттыру;
- ғылыми зерттеулерде адам мен жасанды интеллекттің өзара әрекеттесу перспективаларын талқылау.

3. Өткізу форматы

3.1. Дебаттар Oxford-style debate форматында өткізіледі және келесі үш тараптың аргументтелген пікірталасын қамтиды:

- *бекіту тарапы (Proposition)* – жасанды интеллект ғылымның жаңа субъектісі ретінде қарастырылуы мүмкін деген тезисті қолдайды;
- *қарсы тарап (Opposition)* – аталған тезисті жоққа шығарады;
- *аналитикалық тарап (Analytical)* – бекіту және теріске шығару тараптарының аргументтеріне тәуелсіз талдау жасап, ұсынылған ұстанымдардың күшті және әлсіз тұстарын анықтайды.

3.2. Дебаттардың құрылымы:

- модератордың кіріспе сөзі;
- тараптардың негізгі баяндамалары;
- сұрақ-жауап раунды;
- тараптардың қорытындысы;
- қазылар алқасының талқылауы мен бағалауы; • нәтижелерді жариялау.

3.3. Баяндамалардың шамамен регламенті:

Кезең	Уақыты
Модератордың дебатты ашуы	5 мин.
Бекіту тарапының сөзі (Proposition)	7 мин.
Қарсы тарапының сөзі (Opposition)	7 мин.
Аналитикалық тараптың сөзі (Analytical): ұстанымдарға алдын ала талдау	7 мин.
Тараптар арасындағы айқаспалы сұрақтар раунды	10 мин.
Бекіту тарапының қорытынды сөзі	5 мин.
Қарсылас тарапының қорытынды сөзі	5 мин.
Аналитикалық тараптың қорытынды талдауы	5 мин.
Модератордың дебатты жабуы	10 мин.

Регламент ұйымдастырушылардың шешімі бойынша өзгертілуі мүмкін. **4.**

Қазылар алқасы

атысушылардың сөздерін бағалау үшін ғылым, технология, философия және гуманитарлық зерттеулер саласындағы ғалымдар мен мамандардан қазылар алқасы құрылады.

азылар алқасы келесі критерийлер бойынша бағалайды:

- аргументацияның ғылыми негізділігі;
- баяндаманың логикалық құрылымы;
- талдаудың жаңашылдығы мен тереңдігі;
- пікірталас мәдениеті және сұрақтарға жауап беру қабілеті;
- команданың ұстанымының сенімділігі.

4.3. Қазылар алқасының шешімі соңғы болып табылады.

5. Қорытындылау және марапаттау

Дебаттар қорытындысы бойынша жеңімпаз команда анықталады.

5.2. Ұйымдастырушылар қосымша номинациялар белгілеуі мүмкін, мысалы:

- «Үздік спикер»
- «Ең сенімді аргумент»
- «Үздік ғылыми ұстаным» және т.б.

6. Ұйымдастыру шарттары

6.1. Дебаттарға қатысу үшін 2026 жылғы 10 сәуірге дейін белгіленген үлгідегі өтінімді жіберу қажет.

6.2. Дебаттар 2026 жылғы 13 сәуірде ҚазҰӨУ-де өткізіледі.

6.3. Ұйымдастыру мәселелері іс-шараның Ұйымдастыру комитетімен реттеледі.

7. Қорытынды ережелер

7.1. Ұйымдастырушылар қажет болған жағдайда Дебаттардың бағдарламасы мен регламентіне өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Қатысуға өтінім (10.04.2026 дейін):

В философии науки субъект научного познания понимается как носитель познавательной активности, который формулирует исследовательские вопросы, выдвигает гипотезы, интерпретирует результаты и несёт ответственность за полученные знания. В классической научной традиции субъектом науки считался индивидуальный исследователь. Однако развитие науки показало, что производство знания носит коллективный характер: в XX веке субъектом познания всё чаще рассматривается научное сообщество, включающее исследовательские коллективы, лаборатории и междисциплинарные сети.

Современная философия науки также рассматривает науку как социотехническую систему, в которой взаимодействуют люди, инструменты, технологии и информационные среды. Развитие цифровых технологий и искусственного интеллекта ставит вопрос о том, может ли система, способная самостоятельно анализировать данные, выявлять закономерности и генерировать гипотезы, рассматриваться как участник процесса научного познания.

В этой связи в современной эпистемологии обсуждается проблема расширенной или распределённой субъектности. Согласно этому подходу, субъект научного познания может включать как человека, так и элементы технологической инфраструктуры. Однако остаётся открытым вопрос: достаточно ли способности к вычислению и генерации гипотез, чтобы говорить о полноценной научной субъектности, или же ключевыми критериями остаются сознание, понимание, интенциональность и ответственность, которыми обладают только люди.

ПОЛОЖЕНИЕ

о проведении дебатов в формате Oxford-style на тему: «Искусственный интеллект как новый субъект науки»

1. Общие положения

1.1. Настоящее Положение определяет цели, задачи, порядок организации и проведения в Казахском национальном университете искусств имени Күләш Байсейітовой (далее – КазНУИ) дебатов в формате Oxford-style на тему «Искусственный интеллект как новый субъект науки» (далее – Дебаты).

1.2. Дебаты проводятся в целях развития научного мышления, критического анализа современных технологических и философских проблем науки, создания научной дискуссионной площадки, а также формирования навыков аргументированной дискуссии у обучающихся.

1.3. Организатором Дебатов является Отдел науки КазНУИ.

1.4. К участию в Дебатах приглашаются студенты бакалавриата, магистранты, докторанты и профессорско-преподавательский состав высших учебных заведений.

1.5. Рабочими языками Дебатов являются казахский, русский.

2. Цель и задачи Дебатов

Цель: создание академической дискуссионной площадки для обсуждения роли искусственного интеллекта в современной науке и возможности его рассмотрения как нового субъекта научного познания.

Задачи:

- развитие культуры научной аргументации и академической дискуссии;
- формирование навыков публичного выступления и критического мышления;
- стимулирование интереса студентов к философским, технологическим и этическим вопросам науки;
- обсуждение перспектив взаимодействия человека и искусственного интеллекта в научных исследованиях.

3. Формат проведения

3.1. Дебаты проводятся в формате Oxford-style debate, предполагающем аргументированное противостояние двух сторон:

- *сторона утверждения (Proposition)* – поддерживает тезис о том, что искусственный интеллект может рассматриваться как новый субъект науки;
- *сторона отрицания (Opposition)* – опровергает данный тезис;
- *сторона аналитическая (Analytical)* – выступает с независимой оценкой аргументов сторон утверждения и отрицания, выявляет сильные и слабые стороны представленных позиций.

3.2. Структура дебатов включает:

- вступительное слово модератора;
- основные выступления сторон;
- раунд вопросов и ответов;
- заключительные выступления команд; • обсуждение и оценивание жюри;
- объявление результатов.

3.4. Примерный регламент выступлений:

Этап	Время
Открытие дебатов модератором	5 мин.
Выступление стороны утверждения (Proposition)	7 мин.
Выступление стороны отрицания (Opposition)	7 мин.
Выступление аналитической стороны (Analytical): предварительный анализ позиций	7 мин.
Раунд перекрёстных вопросов между сторонами	10 мин.
Заключительное слово стороны утверждения	5 мин.
Заключительное слово стороны отрицания	5 мин.
Итоговое аналитическое заключение аналитической стороны	5 мин.
Заккрытие дебатов модератором	10 мин.

Регламент может корректироваться организаторами.

4. Жюри

4.1. Для оценки выступлений формируется жюри из числа ученых, преподавателей, специалистов в области науки, технологий, философии и гуманитарных исследований.

4.2. Жюри оценивает выступления по следующим критериям:

- научная обоснованность аргументации;

- логичность и структурированность выступления;
- оригинальность и глубина анализа;
- культура дискуссии и способность отвечать на вопросы;
- убедительность позиции команды.

4.3. Решение жюри является окончательным.

5. Подведение итогов и награждение

5.1. По итогам Дебатов определяется команда-победитель. Организаторы могут предусмотреть дополнительные номинации, например:

- «Лучший спикер»;
- «Самый убедительный аргумент»;
- «Лучшая научная позиция» и др.

6. Организационные условия

6.1. Для участия в Дебатах необходимо направить заявку установленной формы в срок до 10 апреля 2026 года.

6.2. Дебаты проводятся 13 апреля 2026 года в КазНУИ.

6.3. Организационные вопросы регулируются Оргкомитетом мероприятия.

7. Заключительные положения

7.1. Организаторы оставляют за собой право вносить изменения в программу и регламент Дебатов при необходимости.

Заявка на участие (до 10.04.2026):